АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№107 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы,
Қ.Қайсенов көшесі, № 4/1,
тел.: 57-06-66

БҰЙРЫҚ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №107»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

010000, город Астана,
ул. К.Кайсенов,№ 4/1,
тел.: 57-06-66

ПРИКАЗ

2025 жылғы 2 қыркүйек №186-ж/қ

**Буллингтің алдын алу болдырмау
іс- шараларын күшейту туралы**

«Балаға қатысты қорлаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы және Буллингтің алдын алу және «ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектепте буллингтің алдын алу жұмыстары күшейтілсін және осы мақсатта 2025-2026 оқу жылына іс-шара жоспары бекітілсін.

2. Білім алушылар арасында буллингтің (балалар арасындағы әлімжеттік), себебеі мен салдарын анықтау бойынша мектепішілік комиссия құрылсын:

А.Б.Бейсенбина – кеңес төрайымы, мектеп директоры;
Г.О.Қайырбек – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
А.А.Аканова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
Ж.Б.Толеубаева – педагог-психолог, кеңес мүшесі;
Ш.Т.Шакенова -педагог-психолог, кеңес мүшесі;
Қ.М. Алимжанова - әлеуметтік педагог, кеңес мүшесі;
З.С.Жуманова - қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшесі.

3. Білім беру ұйымының педагогтері №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.О.Қайырбекке жүктелсін.

Мектеп директоры: **А.Б.Бейсенбина**

Бұйрықпен таныстым:
- Г.О. Қайырбек
- А.А. Аканова
- Ж.Б.Толеубаева
- Ш.Т.Шакенова
- Қ.М. Алимжанова
- С.А. Кисыкова

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№107 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы,
Қ.Қайсенов көшесі, № 4/1,
тел.: 57-06-66

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №107»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

010000, город Астана,
ул. К.Кайсенов,№ 4/1,
тел.: 57-06-66

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 8 қазан №230-ж/қ

«ДосболLIKE» бағдарламасын білім беру ұйымдарында буллингтің (қорлау, қысым көрсету) алдын алу бойынша енгізу туралы «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы кағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21желтоқсан №506 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте «ДосболLIKE» бағдарламасын білім беру ұйымдарында булингтің алдын алу бойынша «Балаларды жәбірлеудің профилактикасы кеңесінің мүшелері төмендегідей құрылсын:

Бейсенбина А.Б. – мектеп директоры;
Қасымбек Ж. Б. - қосымша білім беру педагогы,мүшесі
Амреева А.Б. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,мүшесі
Ирбаева Н.М. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,мүшесі
Қайырбек Г.О – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,мүшесі
Аканова А.А. -директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Толеубаева Ж.Б – мектеп психологы,мүшесі
Алимжанова К. – әлеуметтік педагог,мүшесі
Жуманова З.С. – қамқоршылық кеңес мүшесі
Ибрагимова А.М. –педагог-ұйымдастырушы,мүшесі
Мауленова Б.О - қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі,мүшесі
Канатбаева Б.Т. -тәлімгер

2.Жауапты адамдар – координатор мен антибуллинг тобынының мүшелері бекітілсін;

3.Бағдарламаның мақсаты мен күтілетін нәтижелері анықталып,тәрбиелік жұмыс жүйесіне ресми түрде енгізілсін;

4.Барлық педагогтер мен қызметкерлердің әрекеттері үйлестірілсін.

5.Буллинг жағдайларын алдын алу және оларға әрекет ету жұмыстары үйлестірілсін;

6.Мамандар арасында (психолог,сынып жетекшілері,әлеуметтік педагог және т.б) міндеттері бөлінсін;

7.Ағартушылық, диагностикалық,түзету және мониторинктік іс-шаралар кешені қамтылсын;

8.Іс-шараларды орындау мерзімдері мен критерийлерін белгілесін;
9.Қиындықтар мен қауіп-қатерлер кезінде анықтауға мүмкіндік берілсін;
10.Білім беру процесінің қатысушыларынан кері байланысты жинау ұйымдастырылсын;
11.Педагогтардың кәсіби дамуын олардың қатысу тиімділігі талдау арқылы таныстылсын
Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары **Г.Қайырбекке, А.Акановаға** жүктелсін.

Мектеп директоры: **А.Б.Бейсенбина**

Бұйрықпен таныстым:

Қасымбек Ж. Б. _____
Амреева А.Б. _____
Ирбаева Н.М. _____
Қайырбек Г.О _____
Аканова А.А. _____
Толеубаева Ж.Б _____
Алимжанова К. _____
Жуманова З.С. _____
Ибрагимова А.М. _____
Мауленова Б.О _____
Канатбаева Б.Т. _____

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
«№107 жалпы орта білім
беретін мектеп» КММ
директоры
_____ А.Б.Бейсенбина
«30» 09 2025 ж.

Буллингтің алдын алу бойынша «ДосболLIKE» бағдарламасы негізінде жұмыс

ЖОСПАРЫ 2025–2026 оқу жылы

Мақсаты – білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы тұру жүйесін құру.

Міндеттері:

Буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру жүйесін құру бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу:

- жергілікті нормативтік құжаттар дайындау;
- педагогикалық ұжыммен түсіндіру семинарларын өткізу;
- мектептің тәрбие жұмысы жоспарына буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру іс-шараларын қосу;
- мектепте педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды біріктіретін балалар арасындағы агрессияға/ жәбірлеуге қарсы тұратын жүйе құру;
- қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды белгілеу (киім ауыстыратын орын, асхана, дәретханалар, ББҰ аумағы және т.б.),ол жерлерді бейнекамералармен жабдықтау мүмкіндіктерін пайдалану.

Нормативтік құжаттар:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.
- «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Нысаны	Жауаптылар
1	«ДосболLIKE» бағдарламасын таныстыру, педкеңес пен өндірістік кеңесте қарау	Тамыз	педкеңес	Мектеп әкімшілігі
2	Мектептегі буллингтің нақты жай-күйін анықтау бойынша диагностика жүргізу	Қыркүйек	Ақпарат	ДТІЖ орынбасары Аканова А.А. Педагог-психолог Ж.Б.Толеубаева Сынып жетекшілер
3	Буллингке қарсы команда (БҚК) құру және оның ережесін бекіту	Қыркүйек	Дөңгелек үстел	ДТІЖ орынбасары Аканова А.А.
4	«ДосболLIKE» жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойынша 1-11 сынып оқушылары үшін жобалау қызметін ұйымдастыру	Жыл бойы	Ақпарат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері
5	Оқушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	5-6 сыныптар арасында бейнеролик	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6	«Кірпі» мультфильмін көру және талқылау. https://youtu.be/CRJJY6sX4Sk?si=mPx8LH8Y48bOM5Z3 Қақтығыс жағдайларында конструктивті мінез-құлық дағдыларын дамыту	Қыркүйек	Сынып сағатында	Педагог-психолог Ж.Б.Толеубаева Сынып жетекшілер
7	«Достар не үшін керек?» мультфильмін көру және талқылау https://youtu.be/TRy8Jq5Q1YU?si=q4qGyAmWzIj_0lOo Сыныпта достық қарым-қатынасты қалыптастыру	Қыркүйек	Сынып сағатында	Педагог-психолог Ж.Б.Толеубаева Сынып жетекшілер
8	Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы «Өркен» БӘАҰҒПИ КеАҚ. Сыныпта буллинг жағдайларын анықтау, балалардың қауіпсіздігі	Қыркүйек-қазан	саулнама	Педагог-психолог Ж.Б.Толеубаева Сынып жетекшілер

9	Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу	Жыл бойы	Ақпарат	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер
10	Жәбірлеу (буллинг), тақырыбындағы ақпараттық стендтерді дайындау.	Қыркүйек	Ақпараттық стенд	Мектеп әкімшілігі
11	Зорлық-зомбылықты анықтау бойынша жедел сауалнама. «Өркен» БӘАҰҒПИ КеАҚ әзірлеген. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау.	Қазан	Іс-шаралар	Педагог-психолог Ж.Б.Толеубаева Сынып жетекшілер
12	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтарды ұйымдастыру	Жыл бойы	Әр тоқсан бойынша	АПҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері ЦППР
13	Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу шараларын енгізу жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (Бастауыш – негізгі – жоғары буынның білім алушылары)	Жыл бойы	Ақпарат	Тәлімгер, АПҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері
14	Білім беру ортасында буллингтің таралуы мен ерекшеліктерінің диагностикасы (1-11 сынып оқушылары) Білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның саламаттығы деңгейінің диагностикасы (4-11 сынып оқушыларының ата-аналары).	Қыркүйек 2025ж.	Диагностика өткізутуралы бұйрық Өткізу кестелері Диагностика материалдары, Талдамалық анықтама	Мектеп психологтары

15	Буллинг жағдайлары және білім алушылардың осал топтары туралы деректерді қосқанда білім беру ұйымындағы буллингтің ағымдағы жағдайына кешенді талдау жүргізу	Қыркүйек-қазан 2025ж.	Талдамалық анықтама	Мектеп психологтары
16	Әлеуметтік желілерде және мектеп сайтына ақпараттарды орналастыру	Қыркүйек 2025ж.	Мектеп сайтына Материалдар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары , мектеп психологы, сынып жетекші, әлеуметтік педагог
17	Буллинг нақты болған жағдайда көмек көрсетудің жеке жоспарын іске асыру	Жыл бойы	жоспар	Мектеп психологы, сынып жетекші, әлеуметтік педагог
1	Бастауыш сынып білім алушыларына жоғары сынып оқушыларының менторингін ұйымдастыру, бірлескен іс-шараларды өткізу	Жыл бойы	ақпарат	Тәлімгер, Өзін-өзі басқару ұйымы
1	Сыныптың социометриясын жүргізу және оның нәтижелері негізінде сыныпта қолайлы климат құру	Жыл бойы	анықтама	Мектеп психологтары.
2	Педагог-психологтің консультациялық кеңесін есепке алу журналында тіркей отырып, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуі.	Қыркүйек 2025ж. Мамыр 2026 ж.	Психологтің және әлеуметтік педагогтің ұсынымдары	Мектеп психологы және әлеуметтік педагогы
	Жалпы мектептік социометриялық зерттеулердің нәтижелері бойынша алаңдаушылық	қараша-қантар	анықтама	Мектеп психологы және әлеуметтік педагогы,

	туғызған балалармен жеке әңгімелесу.			сынып жетекшілер
	Ата-аналарымен жеке әңгімелесу және кездесулер өткізу. Оқушылармен тренингтер жүргізу.	Жыл бойы	Кенес беру	Мектеп психологы

Орындаған Аканова А.А.

Буллингке қарсы командaның жұмыс жоспары

№	Іс-шараларатауы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1.	Буллингке қарсы командaның (бұдан әрі - БҚК) қызметін ұйымдастыру 1. БҚК отырысын өткізу: - Басшымен хатшыны таңдау; - акцияға қатысушылар арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу. 2. Буллингке қарсы команда туралы үлгілікережеге түзетулер енгізу (қажет болған жағдайда). 3. Ынталы педагогтерді, ұйым қызметкерлерін тарта отырып, Буллингке қарсы командaны қалыптастыру	Тамыз	Мектеп басшысы: Бейсембина А.А.	Хаттама Ереже БҚКқұрамы
2.	Диагностика жүргізуді ұйымдастыру: - білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктері (1-11 сынып оқушыла- ры); - білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейі (4-11 сынып оқушыларыныңата-аналары)	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Аканова А.А. мектеп психологы Ж.Б.Толеубаева сынып жетекші,	Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама
3.	Білім алушылардың жағдайлары мен осал топтары туралы деректерді жинауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында буллингтің ағымдағы жай-күйіне кешенді талдау жүргізуді ұйымдастыру	Тамыз		Талдамалық анықтама
4.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы туралы ақпараттық науқанды ұйымда-стыру: Білім беру ұйымының педагогтері үшін орнату семинарын өткізу	Тамыз Үнемі	Мектеп психологы және әлеуметтік педагогы	Ақпарат Сабақ бағдарлама-сы

	Білім беру ұйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтар бағдарламасына баланы қорқытудың (қорқытудың) алдын алу тақырыптарын енгізу Әлеуметтік желілерде посттар орналастыру; Білім беру ұйымының сайтында айдар құру			
5.	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны іске асыру	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Аканова А.А.	Жоспар
6.	Педагогикалық кеңеске дайындық: -педагогикалық кеңеске білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) проблемасының бар екенін мойындау, онымен жұмыс істеу үшін көзқарасты қалыптастыру туралы материалдар; -БҚК және білім беру ұйымдарының қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту үшін	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Аканова А.А. мектеп психологы Ж.Б.Толеубаева	Педагогикалық кеңестің хаттамасы Ақпарат Құжаттар

7.	Ұйымдастыру: 1.«ӨРКЕН»КеАҚ базасында «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері және мазмұны» бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру; 2. Білім беру ұйымының қызметкерлерін(техникалық персонал, медбикелер, асхананың қызметкерлері және т.б.)балалар арасындағы жәбірлеу/буллинг көріністеріне ден қоюға үйрету; 3. Буллингтің нақты жағдайларын шешу бойынша мүдделерді, ұстанымдарды және өзара іс-қимыл тәсілдерін келісу үшін ата-аналармен ынтымақтастық; 4. «ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарымен желілік өзара іс-қимыл жасау; 5. Әлеуметтік әріптестерді тарту, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарды тарту жөніндегі жұмыстар.	Тамыз	Мектеп басшысы: Бейсембина А.А. Мектеп психологы және әлеуметтік педагогы	Біліктілікті арттыру кестесі Тренингтер кестесі Ата-аналардың тізімі Бірлескен іс-шаралар жоспары Шарттар, меморандумдар
8.	Білім беру ұйымдарында ықтимал қақтығыстар аймақтарын белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, рекреациялар, дәретханалар, мектеп аумағы және т.б.), оларды бейнекамералармен жабдықтау	Тамыз		Мектеп схемасы Жою жоспары

9.	Бастауыш, негізгі, жоғары мектеп балаларына арналған бағдарлама бойынша сабақтарды сыныптардың тәрбие жұмысының жоспарларына қосу. Олардың өткізілуіне бақылауды ұйымдастыру.	Тамыз		Тәрбие жұмысының жоспарлары. Кесте
10.	«ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, жалпы мектептік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек		Хаттама
10.	«ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, жалпы мектептік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек		Хаттама
11.	БҚК және оқушылардыңөзін-өзі басқаруының бірлескен отырысын өткізу: 1. Буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу; 2. Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру; 3. Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу; 4. Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (Бастауыш – негізгі – жоғары буынның білімалушылары).	Қыркүйек		Хаттама. Мектептегі өзін-өзі басқарудың жұмыс жоспары

12.	Білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейін диагностикалау (білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы)	Қаңтар		Материалдар Талдамалық анықтама
13.	Диагностикалау: 1. білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктері (1-11 сынып оқушылары); 2. білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейі (4-11 сынып оқушыларының ата-аналары).	Мамыр		Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама
14.	Мектеп сайтында, стендтерде, әлеуметтік желілерде материалдарды дайындау және орналастыру	Үнемі		Материалдар
15.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асырудың оң тәжірибесін тарату	Үнемі		Материалдар
16.	Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау	Мамыр		Есеп
17.	«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу іске асырудың барысы жайында талдамалық есеп дайындау	Мамыр		Талдамалық анықтама
18.	Келесі оқу жылына білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу	Маусым		Жоспар жобасы

Жәбірлеу(буллинг) белгілерін немесе деректерін анықтау кезіндегі іс-қимыл жоспары				
1.	«Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларына» сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) белгілері немесе деректері туралы сигналды қабылдау		Педагог-психолог	Журналдағы жазба
2.	Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне дереу ден қоюды ұйымдастыру		Командан ың барлық мүшелері	
3.	Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) әр- бір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлеу			Жеке көмек көрсету жоспары. Есеп
4.	Белгілі бір сыныпта буллингтің анықталған жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіру			
5.	Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру			

Хаттама №1

05 қыркүйек 2025 жылы буллингке қарсы командаың (бұдан әрі - БҚК) қызметін ұйымдастыру бойынша БҚК отырысы болып өтті.

Қатысқаны –

Күн тәртібінде:

1. Буллингке қарсы командаың (бұдан әрі - БҚК) қызметін ұйымдастыру;
2. Басшы мен хатшыны таңдау;
3.Акцияға қатысушылар арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу;
4. Ынталы педагогтерді, ұйым қызметкерлерін тарта отырып, буллингке қарсы командаы қалыптастыру;

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, мектеп директоры А.Б.Бейсенбина: БҚК – буллингке қарсы нақты әрекет ететін құрылым. Оның нәтижелі жұмысы мектептің психологиялық ахуалын жақсартып, оқушылардың өздерін қауіпсіз сезінуіне тікелей ықпал етеді. Команда мүшелері бірлесе жұмыс істей отырып, буллингке жол бермейтін орта қалыптастыруға бағытталады. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында мектепте арнайы Буллингке қарсы команда құру қажеттілігі туралы айтты. Командаың басты мақсаты – білім алушылар арасында жайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру, құқықбұзушылықты болдырмау, психологиялық қолдау көрсету. Буллингке қарсы команда – балалар ұжымдарындағы құдалаудың алдын алу және оны тоқтату арқылы мектепте қауіпсіз ортаны құруға белсенді қатысатын мектеп қызметкерлерін (әкімшілік, педагогтер, қызмет көрсететін персонал, ата-аналар қатарын) біріктіретін мектептің құрылымдық бөлімшесі.

Қызметтің мақсаты мен міндеттері:

Білім беру үдерісіне қатысушылардың жәбірлеу (буллинг) фактілерінің алдын алу және болдырмау бойынша өзара әрекеттестігін күшейту, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарындағы жәбірлеу (буллинг) фактілеріне ден қою.

Міндеттері:

- «ДосболLIKE» жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және болдырмау жөніндегі бағдарламаға сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті ұйымдастыру;
- білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дереу әрекет ету, білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- мектептің буллингке қарсы қызметінің диагностикасы мен мониторингін ұйымдастыру.

Екінші мәселе бойынша, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Аканова: Буллингке қарсы команда туралы жалпы ережелермен таныстырып өтсем, ереже Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларына сәйкес әзірленді. Команда педагогикалық кеңестің келісімі бойынша білім беру ұйымы директорының бұйрығымен құрылады және таратылады. Команда құрамына: мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, бірнеше белсенді, ынталы педагог пен қызмет көрсетуші персонал қатарының қызметкері, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері кіреді. Нақты жағдайды қарау, алдын алу іс-шараларын жоспарлау және өткізу, мониторинг және т.б. кезінде тиімді атаулы көмек көрсету

мақсатында Командaның құрамына басқа педагогтер де уақытша кіре алады. Командaның сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және шешімдер қабылдау білім беру ұйымының қажеттілігін ескере отырып, осы Ережемен айқындалады. Команда мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында дауыс беру жолымен өз құрамынан басшы мен хатшыны сайлайды. Команда басшысы мен хатшысы, егер оларға Команда мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, сайланған болып саналады. Командaны ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған үй-жайды, ұйымдастыру техникасын, қажетті әдебиетті беруді, іс жүргізуді ұйымдастыруды және т.б.) білім беру ұйымының директоры жүзеге асырады.
Команда басшылығына мектеп директоры К.Тлеповты, хатшылыққа өзімді ұсынамын.

Үшінші мәселе бойынша, мектеп психологы Ж.Б.Төлеубаева : Жалпы командaның қызметі туралы айтатын болсам, команда жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

- Мектептегі ортаны талдау, жәбірлеудің болуын, сондай-ақ білім беру ұйымында оның пайда болуының нақты тәуекелдерін негізделген дәлелдемесін қалыптастыру үшін мектепішілік мониторинг, анонимді сауалнамалар жүргізуді ұйымдастырады.
- Пікіртерім нәтижелерін өңдеуді ұйымдастырады, білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) мәселесінің нақты жай-күйін көрсете отырып, талдамалық анықтама қалыптастырады.
- Мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің жәбірлеудің (буллинг) және кибербуллингтің (біліктілікті арттыру, семинарларға, конференцияларға қатысу және т.б., жарияланымдар, тәжірибе алмасу және т.б.) алдын алу мәселелері бойынша дайындығы деңгейін талдайды.
- Педагогикалық кеңеске білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллинг) мәселесінің болуын мойындау, онымен жұмыс істеу нұсқауын қалыптастыру туралы материалдар дайындайды.
- Білім беру ұйымында алдын алу іс-шараларын жүргізуді үйлестіреді.
- Ата-аналарды алдын алу іс-шараларын жүргізуге және консультациялық көмек көрсетуге тартады.
- Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ДосбоLIKe» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыруға қатыстырады.

Әлеуметтік педагог:

«ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру жүйелі, нормативтік бекітілген және басқарылатын тәсілді талап етеді. Оның тиімділігін, тұрақтылығын және есептілігін қамтамасыз ету үшін жергілікті нормативтік актілер түрінде профилактикалық жұмыстың барлық негізгі рәсімдері мен тетіктерін құжаттау қажет.

1. Буллингке қарсы командaның жұмыс жоспары
2. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы
3. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары
4. Мектепішілік бақылау жоспары
5. Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

Төменде олардың әрқайсысының қажеттілігінің негіздемесі келтірілген.

1. Орта білім беру ұйымы басшысының басшысының «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске туралы бұйрығы.

Бұл бұйрық белгілі бір мектепте бағдарламаны бастаудың заңды және ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Ол:

- жауапты орындаушыларды анықтайды (бағдарлама үйлестірушісі, буллингке қарсы топ мүшелері);
- бағдарламаны тәрбие жұмысына енгізуді рәсімдейді;
- бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін бекітеді;
- барлық қатысушылардың іс-әрекеттеріне әкімшілік қолдау мен дәйектілікті қамтамасыз етеді.

Осылайша, бұйрық бағдарламаға ресми мәртебе береді және буллингтің алдын алу бойынша басқару, әдістемелік және педагогикалық жұмысты бастау нүктесі ретінде қызмет етеді.

«ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру бойынша жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу және енгізу ережелердің ресми орындалуын ғана емес, Бағдарламаны мектептің педагогикалық, тәрбиелік және басқару практикасының ажырамас бөлігіне айналдырады. Бұл буллингтің алдын алуға және білім алушылар арасында сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ықпал ететін қауіпсіз, қолдаушы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру үшін нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіз жасайды.

Қойылған сұрақтар мен ұсыныстарға мектеп директоры жауап беріп қорытынды жасалынды

Жиналыс қаулы етеді:

1. Буллингке қарсы командaның (БҚК) қызметін ресми түрде ұйымдастыру және жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. БҚК басшысы болып – мектеп директоры А.Б.Бейсенбина
   Хатшысы болып – тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.А.Аканова бекітілсін.
3. Бағдарламаның жұмыс істеуі үшін педагогикалық қызметкерлер арасынан құрамды анықтап, Буллингке қарсы команда құрамы төмендегіше бекітілсін.

1. Бейсенбина А.Б. – мектеп директоры, команда төрағасы;
2. Касымбек Ж.Б. – қосымша білім беру педагогы, мүшесі
3. Аканова А.А. – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, хатшы;
4. Қайырбек Г.О. – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі;
5. Амреева А.Б.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі;
6. Ибраева Н.М.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі;
7. Төлеубаева Ж.Б. – мектеп психологы, мүшесі;
8. Ибрагимова А.М. – педагог -ұйымдастырушы, мүшесі;
9. Алимжанова К.– әлеуметтік педагог, мүшесі;
10. Жуманова З.С. – қамқоршылық кеңес мүшесі;
11. Мауленова Б.О. – сынып жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, мүшесі;
12. Канатбаева Б.Т. - тәлімгер, мүшесі;

4. Ынталы педагогтер мен қызметкерлерді БҚК құрамына енгізу ұсынылсын және бекітілсін.

Жиналыс төрағасы: Бейсенбина А.Б.
Жиналыс хатшысы: Аканова А.А.

Хаттама № 2

«№107 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

«ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы негізінде жалпымектептік ата-аналар жиналысын өткізу;

Қатысқаны –

Күн тәртібінде:

1. «ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының туралы ақпарат;
2. «ДосболLIKE» білім алу ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасының мақсаты, міндеттері, жұмыс әдістері туралы мәлімет;

Бірінші мәселе бойынша, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аканова А.А. : «ДосболLIKE» – білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер арасындағы жәбірлеудің (буллингтің), кибербуллингтің, қатыгездіктің алдын алу, мейірімді, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған республикалық бағдарлама.
Бағдарлама міндеттері:
1. Оқушылардың эмоциялық, әлеуметтік тұрақтылығын арттыру;
2. Жәбірлеудің түрлі түрлерін (вербалды, физикалық, әлеуметтік, кибербуллинг) түсіндіру;
3. Буллингке жол бермеу дағдыларын қалыптастыру;
4. Құрбандарға қолдау көрсетудің жолдарын үйрету;
5. Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасында ынтымақтастық орнату.
«ДосболLIKE» бағдарламасы – білім беру ұйымындағы қауіпсіз және мейірімді орта қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл бағдарлама арқылы оқушылардың бір-біріне деген сыйластығы артып, жәбірлеудің түрлі түрлеріне төзбеушілік көзқарас қалыптасады. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастық нығайып, оқушы тұлғасын жан-жақты қолдауға мүмкіндік туады.
Бағдарлама аясында жүргізілген іс-шаралар білім алушыларға буллинг пен кибербуллингтің зиянын түсіндіруге, құрбандарға қолдау көрсету жолдарын меңгеруге, ал алдын алушы тұлғаларға (педагог, психолог, ата-ана) нақты әрекет ету тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік берді.
Қорытындылай келе, «ДосболLIKE» – тек жәбірлеудің алдын алу емес, достық пен мейірімділікке негізделген мектеп ортасын құруға бағытталған маңызды қадам.
Екінші мәселе бойынша, мектеп психологы Толеубаева Ж.Б.: Бағдарлама арқылы білім алушылар арасында сенімділік пен достық қарым-қатынас қалыптасады, ал ұжым мен ата-аналар баланың қауіпсіздігін бірлесе қамтамасыз етуге бағытталады.
Мақсаты:
Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллинг пен кибербуллингтің) алдын алу, балаларға қауіпсіз, мейірімді, қолдау көрсететін орта қалыптастыру, достық қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
Міндеттері:
1. Жәбірлеу, кибербуллинг, әлеуметтік шеттету ұғымдарын түсіндіру;

2. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы құрмет пен жауапкершілікті қалыптастыру;
3. Жәбірлеудің алдын алу бойынша білім мен дағды беру;
4. Құрбандар мен куәгерлерге қолдау көрсету жолдарын үйрету;
5. Оқушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында бірлескен жұмыс жүргізу.
«ДосболLIKE» бағдарламасының іске асырылуы білім беру ұйымындағы барлық қатысушылардың – оқушылардың, педагогтердің, ата-аналардың – өзара тиімді қарым-қатынасын, бір-біріне деген сенім мен құрметті нығайтты.
Бағдарлама аясында өткізілген тренингтер, диагностика, сынып сағаттары мен түсіндіру жұмыстары жәбірлеу фактілерінің алдын алуға, сондай-ақ оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық ахуалын жақсартуға оң әсер етті.
Маңызды нәтижелердің бірі – жәбірлеу көрген немесе куә болған балалар өз эмоцияларын жасырмай, ашық айтуға бейімделіп келеді. Ал педагогтер мен ата-аналар оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерді ерте байқап, әрекет етуге дағдылануда.
Осылайша, «ДосболLIKE» бағдарламасы мектеп ортасында қауіпсіздік, сенім, қолдау және достық атмосферасын қалыптастырудың нақты, нәтижелі құралына айналды.
Бағдарламаны жүйелі жалғастыру – оқушы тәрбиесі мен психологиялық әл-ауқаты үшін маңызды басымдықтардың бірі.
Шығып сөйлеушілер:

Ермаханбет А.Ә. – ата – ана: Мен ата-ана ретінде «ДосболLIKE» бағдарламасының мектепте жүзеге асырылып жатқанына өте ризамын. Бұл бағдарлама баламның мектепке деген көзқарасын өзгертті. Бұрын кей жағдайларда ішіндегі ренішін, көңіл-күйін ашық айта бермейтін. Қазір сыныпта мейірімділік, достық қарым-қатынас жайында жиі айтылып, буллингтің не екенін, ондай жағдайлардан қалай қорғану керектігін үйреніп жүр.
Психологпен өткізілген тренингтер, сынып жетекшісінің қолдауы баламның өз-өзіне сенімділігін арттырды. Ең бастысы – оқушылар арасында бір-бірін түсіну мен қолдау мәдениеті қалыптасып келеді.
Мектеп ұжымы мен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнап, балалардың қауіпсіздігі үшін бірлесе жұмыс істеу жолға қойылды. Осындай бағдарлама барлық мектептерде жалғасып, балалардың бақытты әрі тыныш ортада білім алуына себеп болса екен деймін

Жиналыс қаулы етеді:

1. «ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша білім беру ұйымы ұжымы мен ата-аналар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.
2. Бағдарлама аясында оқушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру: тренингтер, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізу.
3. Буллингтің алдын алу мақсатында ата-аналарға арналған семинарлар мен кеңестер ұйымдастыру.
4. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог бағдарламаның тиімді іске асырылуын бақылап, талдау жұмыстарын жүргізсін.
5. Бағдарлама нәтижесін жүйелі түрде сараптап, есеп беріп отыру тапсырылады.

Қаулы барлық қатысушыларға таныстырылып, бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: А.Б.Бейсенбина
Жиналыс хатшысы: А.А.Аканова

Хаттама №3

«№107 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БҚК және оқушылардың өзін-өзі басқаруының бірлескен отырысы өткізілді.

Қатысқаны –

Күн тәртібінде:

1. Буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу;
2. Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру;
3. Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу;
4. Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (Бастауыш – негізгі – жоғары буынның білім алушылары).

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, өзін – өзі басқарау ұйымының жетекшісі, тәлімгер:

Буллингтің алдын алу мақсатында әзірленген мінез-құлық ережелері – мектепте қауіпсіз, қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудың нақты қадамы болып табылады. Бұл ережелер тек оқушы тәртібін реттеу үшін емес, өзара сыйластық, құрмет және адамгершілік құндылықтарын күнделікті тәжірибеге енгізу үшін қажет.Оқушыларға буллингтің не екенін, оның қандай зиян әкелетінін нақты түсіндіріп, әркімнің жеке жауапкершілігін арттыру – маңызды міндет. Ережелердің орындалуын мектеп ұжымы, ата-аналар және оқушылар бірлесе бақылап, жүйелі түрде бағалап отырса, жәбірлеу оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік туады.

Мектеп ұжымында қауіпсіз, сыйластыққа негізделген орта қалыптастыру мақсатында төмендегі мінез-құлық ережелері бекітіледі:

1. Барлығына құрметпен қарау
- Әрбір адамды жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамастан құрметтеу;
- Басқалардың пікірін тыңдай білу, сөзін бөлмеу.
2. Қауіпсіздік және мейірімділік қағидаты
- Физикалық, вербалды немесе онлайн агрессияға жол бермеу;
- Өзара қолдау көрсету, әлсізге жәрдемдесу;
- Қиын жағдайға түскен сыныптасына көмектесу.
3. Өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау
- Әрбір сөз бен қимылдың салдарын түсіну;
- Әзіл мен шын мазақтың айырмасын білу;
- Біреуді әдейі қорқыту, кемсіту – тәртіп бұзушылық екенін түсіну.

Мектепте қалыптасатын орта – болашақ қоғамның айнасы. Сондықтан әр бала өз қауіпсіздігін сезініп, сенім мен қамқорлық ортасында білім алуы тиіс.

Екінші мәселе бойынша, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру – білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл қызмет арқылы мұғалімдер оқу мазмұнын өзекті мәселелерге бейімдеп, оқу материалдарын практикалық бағытта ұйымдастырады.

Жобалау қызметі оқушыларды белсенді қатысуға, топтық жұмысқа және жауапкершілікті бөлісуге баулиды. Нәтижесінде білім алушылар өз бетінше ізденіп, проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіреді.

Осылайша, оқыту бағдарламасын жобалау арқылы білім беру сапасын жақсарту және оқушылардың жеке мүмкіндіктерін толық ашу мүмкіндігі артады.

Жобалау қызметі оқушылардың өз бетінше ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға және білім беру ұйымында инновациялық тәжірибені енгізуге жол ашады.

Үшінші мәселе бойынша, мектеп парламентінің президенті:

Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу – білім беру ұйымындағы оқушы белсенділігін арттыра отырып, қауіпсіз орта қалыптастырудың тиімді жолы. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылардың бірін-бірі құрметтеу, жауапкершілік пен жанашырлық қасиеттерін дамытуына септігін тигізеді.

1. Оқушы көшбасшыларынан «Буллингке қарсы топ» құру;
   – Өз сыныптарында ахуалды бақылап, қолдауды қажет ететін оқушыларды байқау;
   – Достық атмосфераны қалыптастыруға бағытталған бастамалар ұсыну.
2. «Сенім жәшігі» мен онлайн кері байланыс жүйесін ұйымдастыру;
   – Құрдастарының қысым көріп жүргенін байқаса, жасырын түрде хабарлай алатындай жағдай жасау.
3. Ай сайын «Қауіпсіз орта – менің таңдауым» акциясын өткізу;
   – Қабырға газеттері, постерлер, бейнероликтер арқылы буллингке қарсы насихат жұмыстарын жүргізу.
4. Оқушылар арасында «Дос болайық!» клубын ашу;
   – Жалғыздық, оқшаулану жағдайындағы оқушыларды қолдау ортасын қалыптастыру.
5. Буллингсіз апта/күн ұйымдастыру;
   – Позитивті қарым-қатынасқа бағытталған ойындар, пікірталастар, челленджер өткізу.
6. Оқушылар кеңесінде буллинг мәселесін тұрақты талқылау;
   – Өз қатарластарының пікірі арқылы шешім қабылдауға үйрету.

Оқушылардың өздері буллингке қарсы бастамаларға қатысып, бақылау мен қолдау тетіктерін жүзеге асырса, мектепте сенім мен өзара түсіністікке негізделген ахуал қалыптасады. Өз қатарластарының тарапынан қолдау сезіну – буллингтің таралуын азайтып қана қоймай, оның алдын алудың пәрменді тетігіне айналады.

Сондықтан мектептегі өзін-өзі басқару ұйымын буллингпен күресудің серіктесі ретінде қарастырып, жүйелі қолдау мен бағыт беру – басты міндеттердің бірі болып қала береді.

Төртінші мәселе бойынша, мектеп психологы: Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру барысында бастауыш, негізгі және жоғары буын оқушылары арасындағы байланыс пен коммуникацияны дамытуға ерекше мән беріледі. Бұл іс-шаралар оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, тәжірибе алмасуына және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Жас аралық өзара іс-қимыл топтық жұмыстар, ойындар, бірлескен жобалар арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, кіші сынып оқушылары үлкендердің үлгісінен, ал үлкендер кішіге жауапкершілік пен қамқорлық сезімін меңгереді. Бұл ортада сенім мен сыйластық қалыптасып, оқушылардың ынтымақтастығы мен топтық мәдениеті нығаяды. Нәтижесінде, жасаралық қарым-қатынас білім алушылардың жан-жақты дамуына, коммуникативтік қабілеттерінің артуына және мектептегі жалпы оң психологиялық ахуалдың қалыптасуына ықпал етеді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу міндеттелсін. Бұл ережелер білім беру ұйымының барлық қатысушыларына түсінікті, қолжетімді әрі міндетті болып табылады. Оларды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен үйлестіріп, оқушылар арасында буллингтің алдын алуға бағытталған нақты нормалар мен жауапкершілікті бекіту қажет.
2. Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру – педагогтерге буллингке қарсы профилактикалық сабақтарды, тренингтер мен тренингтік материалдарды әзірлеу және өткізуді ұйымдастыру тапсырылсын. Бұл жұмыс оқушылардың құқықтық сауатын арттыруға және жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алуға бағытталсын.
3. Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына буллингтің алдын алу шараларын енгізу: оқушылар өзін-өзі басқару ұйымдарына буллинг мәселесі бойынша жауапты топ құрылсын; олардың қатысуымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен акциялар, флешмобтар ұйымдастырылсын.
4. Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру: бастауыш, негізгі және жоғары буын оқушылары арасында өзара қолдау мен сенімділікті арттыру мақсатында бірлескен іс-шаралар, жобалар және оқыту сессиялары өткізілуін қамтамасыз ету.

Қаулы барлық қатысушыларға таныстырылып, бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрағасы: А.Б.Бейсенбина
Жиналыс хатшысы: А.А.Аканова

«Досболайық» Буллингтен қорған! «Менің осындай болғаным қандай жақсы»

1 «А» сынып

Тақырыбы: «Досболайық» Буллингтен қорған! «Менің осындай болғаным қандай жақсы»

Мақсаты: Оқушыларға достық, сыйластық, мейірімділік құндылықтарын түсіндіру.
Буллингтің зияны мен одан қорғану жолдарын үйрету.
Өз бойындағы жақсы қасиеттерді бағалауға дағдыландыру

.Анықтама:

"Досболайық" тақырыбы – балаларды бір-біріне деген құрмет, мейірімділік және қолдау көрсетуге шақыратын маңызды ұғым. "Досболайық" тақырыбы арқылы балалар бір-біріне көмек көрсетуге, буллингке қарсы тұруға және осындай жағдайларда қолдау білдіруге үйренеді."Менің осындай болғаным қандай жақсы» Бұл тақырып балалардың өз құндылықтарын түсініп, өздері туралы жағымды ойда болуға көмектеседі.

Қорытынды:

Біздің сынып тату. Біздің сыныпта буллингке жол жоқ. Біздің сынып бір-бірімізді құрметтейміз.



Сынып жетекшісі: Рахимжанова Ж.С

Анықтама

«ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша 2025–2026 оқу жылының қыркүйек, қазан айларының аналитикалық есебі

Мақсаты: Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы тұру жүйесін құру.

2025–2026 оқу жылының басында мектебімізде білім алушылар арасында буллингтің (жәбірлеу) алдын алу және оған қарсы тиімді жүйе құру мақсатында «ДосболLIKE» бағдарламасы енгізіліп, «ДосболLIKE» бағдарламасы директор жанындағы кеңесте қаралып, педагогикалық ұжымға таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектебімізде білім алушылар арасында буллингтің (балалар арасындағы әлімжеттік) себебі мен салдарын анықтау бойынша аналитикалық топ құрылып, кезекшілік журналы ашылды. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтар бейнебақылау жүйелерімен жабдықталды. Сыныптар арасында өткізілетін іс-шаралар тәрбие жоспарына енгізіліп, жоспар бойынша бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізілді. Әрбір сынып жетекші сыныптарға берілген тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізіп, мектептің әлеметтік желілеріне жариялады. Мектеп психологы оқушылар арасында буллингтің алдын алу мақсатында анкеталар жүргізіп, диагностика жасалынды. Дэн Олвеус сауалнамасы 5–11 сынып оқушылары арасында өткізілді. 5-6 сыныптар арасында қақтығыс жағдайларында конструктивті мінез-құлық дағдыларын дамытуға байланысты «Кірпі» мультфильмін көрсетіліп, талқыланды. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау бойынша жедел сауалнамалар алынды.

Орындаған: ДТЖО Аканова А.А.